

ЦИФРЛЫҚ ОРТАДА ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БАЛАЛАР ӘНДЕРІНІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ

Султанова М.С.¹, *Бейсембаева А.А.², Балажанова Қ.М.³, Даркембаева А.Б.⁴
*^{1,2,3,4}ҚазҰҚызПУ, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақала жаһандану заманының өзекті тақырыптарының бірі цифрландыру мәселесіне бағытталған. Онда цифрлық бағдарламаларды білім жүйесіне ендіру, әдістемелік тұрғыда оны қолдану мүмкіндіктері мен тиімділігі, мәндік-мазмұндық сипаты ғалым-зерттеушілердің еңбектеріне сүйене қарастырылады. Болашақ музыка мұғалімдерін кәсіби дайындауда тәжірибелік-әдістемелік жұмысқа аса қажетті деп танылған қазақ тіліндегі балалар әндерінің ноталық жазбаларының цифрлық платформада қолжетімділік деңгейінің төмендігі кеңінен талданады. Қазақ тіліндегі балалар әндерінің ноталық жазбаларын қайта теру, жинақ ретінде баспадан шығару, цифрлық ортада қолжетімді ету «Finale» музыкалық бағдарламасы негізінде Қазақстан композиторларының ноталық жазбаларын цифрландыру» тақырыбындағы ішкі қаржыландыру жобасының басты мақсаты болып танылады. Авторлар «Finale» музыкалық ноталық бағдарламасын өз ой-парасатын музыкалық әуен арқылы жеткізетін сазгерлерге, хор немесе оркестр ұжымдарының жетекшілеріне, дирижерларына, музыкалық шығармалардың әрлендіруші мамандарға, іскерлік орындаушылық шеберліктерін жетілдіруді алдына мақсат етіп қойған музыка мамандарына таптырмас пайдасы мол бағдарлама деп айқындайды. Балаларға арналған қазақ тіліндегі әндердің цифрлық педагогикадағы сипаты мен қолжетімділігін қарастыра келе, жоба зерттеушілері білім алушылар мен өнер сүйер қауымға, тұтынушыларға тиімді, әрі қолдануда қарапайымдылығымен ерекшеленетіндей цифрландырылған өнімнің нәтижелерін ұсынуды басты назарда ұстайды. «Final» музыкалық бағдарламасы негізінде аспаптық шығармалар, мектеп оқушыларына арналған балалар әндерінің ноталық жазбалары қайта теріліп, ноталықстанда редакторланып, электрондық кітапхана қорын толықтыруды, теріліп жинақталған туындыларды QR код арқылы құжаттандыруды басты мәселе ретінде қарастырып, ұлттық құндылық ретінде балалар әндерін сақталып дамуына өзіндік үлес қосатындығын көрсетіп қарастырады.

Тірек сөздер: цифрландыру, цифрлық қоғам, музыкалық «Finale» ноталық бағдарламасы, балалар әндері, әндер қолжетімділігі, музыкалық білім, цифрлық технологиялар, репертуар

Кіріспе

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаты - ұлттың бәсекеге қабілеттігін жан-жақты арттыру, білім беру саласына цифрлық жүйені қарқынды ендіру, дамыту болып танылады. Қазіргі таңда әрбір білім беру мекемелері өздері даярлап жатқан бәсекеге қабілетті мамандарының кәсіби деңгейлеріне әсер ететін білім беру бағдарламаларының мазмұнына сәйкес цифрлық ортаны қалыптастыруға аса назар аударуда. Цифрлық қоғамдағы кез-келген цифрлық орта, ол – білім мен парасат жолындағы білікті мамандардың ерекше идеялары мен шығармашылығының шоғырланған ортасы. Ондағы басты жұмыс жеке тұлғаның рухани құндылықтары мен адамгершілік қасиеттеріне

негізделініп, болашақ маманның ақпараттық мәдениетін, цифрлық құзыреттілігін, жалпы интеллектуалдық әлуетін дамытуға бағытталады [1].

Біздің зерттеу жұмысымызды жүргізу келесідей қажеттіліктерден туындады, атап айтқанда цифрлық платформада композиторлардың аудио-бейнежазбаларын кеңінен кездестіре аламыз, алайда ноталық жазбаларының цифрлық форматын табу қиынға соғады, жоқтың қасы деуге де болады. Сонымен қатар, музыка мамандары тарапынан балалар әндері мен аспаптық шығармаларды жинақтап, ноталықстанда редакциялап жазу, болмаса ілгеріде жарық көрген құнды шығармаларды қайта басып шығарып, цифрлық платформада қолжетімді ету сияқты ұсыныстар зерттеу жұмысымыздың маңыздылығын айғақтай түсті.

Қазіргі заманда болашақ маман кәсіби білімді терең меңгерумен қатар цифрлық ортада тәрбие мен танымдық іс-әрекеттердің мақсат-міндеттеріне жетуде тиімді жолдарды, ақпарат көздерін іздеп тауып, оны шығармашылықпен орынды пайдаланып, нәтижелерін бағалап, өз қызметін жаңаша ұйымдастыра білуі тиіс. Осындай цифрлық қоғамда тұлғалық тұғырға бағдарланған, ынтымақтастық педагогикасына негізделген желілік өзара әрекеттесудегі «цифрлық педагогика» ұғымының қазірде кеңінен таралуы виртуалды білім беру үдерісімен тығыз байланысты болуында. Жалпы, цифрландыру қандай да бір саланың өзгерістері мен үдерістеріндегі әлсіз тұстарын анықтап, жақсарту мүмкіндіктерін қарастырып, шешімдерін қабылдауға көмектеседі.

Материалдар мен әдістер

Тез жаңарып, кең таралатын цифрлық қоғамда сандық құралдар, бағдарламалар, ондағы ақпараттар, материалдар, қызметтер шексіз қолжетімді болып келеді, ол да болса, білім беру сапасының жақсаруына, оқытудың дербестенуіне бағыттталынып, музыка маманының жаңа цифрлық технологияларды, тәжірибелерді қолдану қажеттілігі мен мүмкіндіктерін кеңейте түседі.

Зерттеу жұмысы Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, «Ғылыми, ғылыми-техникалық және қолданбалы жұмыстарды ішкі қаржыландыру» аясында «Музыка» кафедрасының профессор-оқытушылар құрамымен 2024 жылы өткізіліп келеді. Зерттеу жұмысы барысында алғашқы (бастапқы) ақпаратты музыкалық туындылардың цифрлық платформадағы көрінісін талдау, шығармаларды аймақтарға бөліп жинап, дереккөздері және жобаның міндеттерін шешу үшін қолдану, деректерді өңдеу тәсілдері белгіленді. Жоғары оқу орнында таңдаулы пәндер қатарындағы «Музыкалық білім берудегі сандық технологиялар» курсына білім алушылардың бағдарламаны меңгеру сипаты, жолдары талданды. Білім беру бағдарламасындағы «Музыкалық білім берудегі сандық технологиялар» пәнінде 3 курс студенттері финал бағдарламасымен кеңінен танысып, хорға, симфониялық оркестрге арналған шығармалардағы музыкалық аспаптардың үндестігін ести отырып, ноталықстанда музыкалық материалдарды теріп, дайын материалды принтерден шығарып алу мүмкіндіктері болды [2].

Республикамыздың Алматы, Талдықорған өңірінің жоғары оқу орындарының студенттері мен арнайы өнер мекемелері, жалпы білім беретін мектептің музыка мамандарымен жүргізілген сауалнамалардың нәтижелері айқындалып, цифрлық платформадағы балалар әндерінің ноталық жазбаларының жәй-күйі талданды. Сәйкесінше, мақалада цифрлық ортадағы балаларға арналған қазақ тіліндегі әндердің ноталық жазбаларының электрондық форматтағы таралым деңгейі мен қолжетімділігін талдау, сипаттау, салыстыру, ноталық жазбалармен жұмыс жасау үдерісін жүйелеу әдістері қолданылды. Сондай-ақ олардың анықтығы мен жаңғыртылуын қамтамасыз етуде қазіргі кездегі «Финал» бағдарламасының мүмкіндіктері мен онымен жұмыс жасау әдістемесіне арналған педагог-ізденушілердің еңбектері С.Лебедев, П.Трубиновтың «Финал» оқулығы, А.Н.Богданованың «Концертмейстер жұмысында финал бағдарламасын пайдалану» және Р.С.Салмановтың «Финал» ноталық редакторымен жұмыс» және т.б. оқу-әдістемелік құралдары маңызды орынға ие болды.

Цифрлық технологиялар арқылы студенттер ноталардың, аккордтардың, әуендер мен ырғақтардың графикалық көріністерін көре отырып, музыкалық ұғымдарды терең түсінуіне, тыңдап қабылдауына мүмкіндігі болады. Сандық аспаптардың көмегімен студенттер өздерінің музыкалық композицияларын, аранжировкаларын немесе ремикстерін жасай алады. Бұл олардың шығармашылық дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Жалпы, цифрлық ортада оқыту мен орындаушылық мақсаттар үшін ноталық мәтіндерді жазу, тираждау, жалпы редакциялық қызметті орындауда бірнеше бағдарламалар қолданыста, атап айтқанда:

- «Adobe Audition» - бұл кез-келген күрделіліктегі музыка мен композицияларды өңдеуге мүмкіндік беретін функционалды аудио өңдегіш болса,
- «Reaper» - бұл аты аңызға айналған Winamp ойнатқышын жасаушылар жасаған толық виртуалды студия.
- «Sound Forge Pro» - бұл цифрлық аудио өңдеуге арналған жақсы бағдарламалық жасақтама.
- «Ableton Live» - бұл цифрлық аудио жұмыс станциясы және музыка жасауға арналған бағдарламалық жасақтама.
- «Mixcraft» - бұл қуатты көп тректі жазу студиясы және музыка жасауға арналған қосымша.
- «Virtual DJ» - бұл Atomix Productions әзірлеген аудио және бейне араластыру бағдарламалық құралы
- «Audacity» - еркін табылатын, ашық коды бар сандық аудио редакторы.

Әрине, студенттер онлайн кітапханалар, бейне сабақтар және музыкалық қолданбалар арқылы әртүрлі жанрлардағы, дәуірлердегі және мәдениеттердегі музыкамен танысып, оны үйрене алады.

Осындай цифрлық музыкалық бағдарламалар студенттер шығармашылығын арттыра түседі. Соның ішінде жоба аясында оқу үдерісінде

кеңінен қолданылатын «Finale» музыкалық ноталық бағдарламасымен жұмыс жасау арқылы білім алушылар ноталық мәтіндерді, партитураларды жазып, басып шығаруға, редакциялауға мүмкіндіктері болады. Бұл бағдарламаны қолданудың болашақ маман үшін шұғыл қажеттілігін де айқын байқаймыз. Ноталық жазбаларды, қажет болған жағдайда, аталмыш бағдарламамен өзбетінше теріп, музыкалық аспаптар, оркестрлік орындау үндестіктерін талдап, тыңдау мүмкіндігі болашақ маманның идеялық мүмкіндіктерін кеңейте түседі.

Білім берудегі цифрландырудың негізгі идеясы, ол – заман талабына сай білімнің жаңа сапасына қол жеткізу шарттарының бірі ретінде мұғалім қызметіне ақпараттық-коммуникативті технологияларды жүйелі енгізу арқылы танымдық белсенділіктерін дамытуға жағдайлар жасау болып танылады. Олай болса, білім беруді цифрландырудан күтетіміз: білім алушының таным көкжиегін кеңейтуде өзбетінше ізденіс жүргізе алу, қажет ақпараттар мен мәліметтерді таңдау, саралау, цифрлық ресурстарды жеке, әрі ұжыммен қолдану. Осы орайда, цифрлық ортада ән өнерінің сипаты қандай, болашақ мамандарға ол қаншалықты қолжетімді деген сауалдар қарастырылды.

Ән өнері ертеден келе жатқан біздің жақұтымыз, асыл қазынамыз. Өзіндік орындаушылық сипатқа ие кең диапазонды, күрделі ырғақты, иірімдерге бай әрбір қазақ әндері тарих сүзгісінен өткен әрі терең мазмұнды, қуатты, жігерлі туындылар. Соның ішінде балалардың жас ерекшеліктері мен дауыс диапазонын ескере отырып, осы уақытқа дейін баспа беттерінен жарық көрген Қазақстан композиторларының көптеген әндері отансүйгіштікке, елжандылыққа, сүйіспеншілікке, ұйымшылдыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелейді. Ондай әндер балалардың рухани дүниесінің байлығына, музыкалық-эстетикалық талғамдарының артуына, жандарының сұлулығы мен ой өрістерінің кеңеюіне, физиологиялық дамуына әсер етеді. Ал осындай керемет мүмкіндіктерді жалпы білім беретін мектептегі музыка мамандары әндерді үйрету, орындау арқылы жүзеге асыра алады.

Жалпы, ән айту үдерісінің музыка сабағындағы орны, әнді орындау ерекшеліктері, оған қойылатын негізгі талаптары және басқа да өзекті мәселелер музыкант-ғалымдардың В.Шацкая, В.Соколов, Е.Стулова, А.Свешникова, Н.Ветлугина, А.Нұғманова, К.Қожахметова, Б.Жақаева, В.Емельянов және т.б. зерттеулері мен өзіндік тәжірибесінен кездестіреміз. А.Свешников балалар хорымен жұмыс жасау барысында дауыс жаттығуларын примарлық дауыс аймағында айту қажеттігін алға тарта отырып, дауысты дыбыстарды унисонмен, жабыңқы формада айтқан дұрыс деп санаса, өз тарапынан, педагог-музыкант А.Нұғманова балалардың вокалдық ән айту әдістемесін қарастыра келе, нота сауаттылығын меңгерту мұғалімнің басты мақсаты екенін алға тартады. Ғалым К.Қожахметова өзінің зерттеу жұмыстарында балалардың музыкалық есту қабілеттерін, музыкалық талғамын қалыптастыруға, қазақ әндеріндегі дауысты, дауыссыз дыбыстармен жұмыс жасауы, оны орындау ерекшеліктеріне аса назар аудару қажеттілігін көрсетеді. Балалар репертуары да өте маңызды саналады. Музыка сабағынан тыс уақытта да тың, жаңа әндерді балалардың дауыс диапазонын ескере отырып, олардың қызығушылығына сәйкес іріктеу музыка

мұғалімінің құзырлығында екені мәлім. Ал сол репертуарды іріктеу қалай жүзеге асады, цифрлық ортада болашақ музыка маманы таба алады ма, болмаған жағдайда қандай әрекеттерге бара алады, оған цифрлық бағдарламалардан қайсысы көмекке келеді?

Жаһандану заманында білім беру саласын цифрландыру «цифрлық педагогика» жаңа ұғымының пайда болуына әкелді. Оқыту мен білім беру мазмұны, формалары, нысаны мен әдістері туралы білімдерді жүйелейтін ғылым саласы ретінде цифрлық педагогиканың мән-мазмұнына бірнеше анықтамалар берілген. Ғалым Ж.К.Сағалиева білім беру кеңістігіндегі цифрлық педагогиканың әдіснамалық негіздерін қарастыра отырып, оны – «электрондық ресурстардың көмегімен білім алатын субъектінің саналы іс-әрекетін тәрбиелейтін педагогика саласы, ... субъектінің өзін жеке тұлға ретінде іске асыруына, саналы мақсаттарға, идеяларға, өзін-өзі тануға, сыни ойлауға, өзін-өзі анықтауға, ...өзін-өзі тәрбиелеп жетілдіруге бағыттайды» деп таниды. Оның пікірінше, цифрлық педагогикадағы маңызды тармақ – цифрлық құзыреттілік – адамның білім, білік, жауапкершілік және ынталандыру жүйесі ретінде тиісті құзыреттерді игеруге негізделген инфокоммуникациялық технологияларды өмірдің әртүрлі салаларында сенімді, тиімді, сыни және қауіпсіз қолдануға дайындығы мен мүмкіндігі» [3, 28 б.].

Университет оқытушыларының цифрлық технологияларды белсенді пайдалану мүмкіндіктерін бағалай отырып, ізденушілер В.Неволина, Е.Гараевалар, цифрлық технологияларды пайдалану университет оқытушысына оқыту міндеттерін шешуде электрондық ресурстарды пайдаланушының, түрлі желілік қауымдастықтардың қатысушысының, электрондық білім беру ресурстарын әзірлеу авторларының дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік беретінін атап өтеді. Олардың пікірінше, қызмет түрлері, жұмыстың жаңа нысандары, өзара іс-қимылға қосу университет оқытушысының қазіргі цифрлық білім беру ортасындағы ақпараттық-коммуникациялық дағдыларын жетілдіру үшін мүмкіндіктер мен жағдайларды қамтамасыз етеді [4]. Университет оқытушысының ақпараттық-коммуникациялық дағдылары бойынша жұмыста оқытушының ақпаратпен жұмыс істеуге, бағдарламалық қамтамасыз ету мен техникалық құралдардың негізгі түрлерін пайдалануға, білім беру процесінің басқа субъектілерімен нәтижелі өзара іс-қимылды жүзеге асыруға дайындығы мен қабілетінің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін дағдылар қарастырылады.

Зерттеуші С.Кондратьева, қазіргі білім беру кеңістігіндегі цифрлық ресурстар білім беру қызметтерінің сапасын жақсартуға көптеген мүмкіндіктер береді, білім берудің цифрлық трансформациясы цифрлық алшақтықты жояды және оның негізінде білім беру жүйесі әрдайым ақпараттық орта шеңберінде жүзеге асырылатын ақпараттық өндіріс деп санайды. Автордың пайымдауынша, білім беруді цифрландырудың арқасында, кәсіби мәселелерді сәтті шеше алатын құзыретті түлекті қалыптастыру саласында келесідей өзгерістер орын алады:

- электронды кітаптардың, оқу материалдарының, жетекші мамандардың онлайн дәрістерінің қолжетімділігі білім беру процесін жаңа

мазмұнмен толтырады және оқушылардың тұрғылықты жеріне қарамастан дамуына мүмкіндік береді.

- мұғалім өз тарихын интернет көздерімен суреттей отырып, оқулық аймағынан шығуға мүмкіндік алады.

- студент ғылым мен өнердің көптеген салаларында өзінің білім ауқымын кеңейтуге мүмкіндік алады, бұл өзін-өзі дамытуға сөзсіз пайда әкеледі [5, 42 б.].

Зерттеуші Е.Никулина музыкалық колледж студенттерінің «Музыкалық информатика» курсына, болашақ кәсіби қызметінде «MuseScore» музыкалық редакторымен жұмыс жасаудың мүмкіндіктерін, рөлі мен маңыздылығын қарастырып, оқытудағы өзіндік тәжірибесімен бөліседі. Автор музыкалық редакторды оқу ұйымдастырушылық және шығармашылық міндеттерді шешудегі қолдану тәсілдерін бөліп сипаттап көрсетеді. «MuseScore» музыкалық редакторын пайдалану колледж студенттерін басқа да сабақтарға дайындалу үдерісін оңтайландырады және болашақ маманға прогрессивті, заманауи музыка мұғалімі мәртебесіне жақындауға мүмкіндік береді деп ой түйеді [6, 114 б.].

«Білім беруді цифрлық трансформациялаудың қиындықтары мен болашағы» атты монография авторлары А.Ю.Уварова, И.Д.Фрумина білім беруді цифрлық трансформациялаудың мәнін қажетті білім беру нәтижелеріне қол жеткізу және цифрлық технологияны пайдалану негізінде білім беру процесін дербестендіруге көшу деп таниды. Білім беру жүйесі – бұл әрдайым ақпараттық ортада жүзеге асырылатын ақпараттық өндіріс. Соңғы онжылдықтарда «қағаздан» «цифрлық» ақпараттық білім беру ортасына көшу жүруде. Осындай дамудың бірнеше кезеңдерінен өткен білім беруді компьютерлендіру мен ақпараттандырудан кейін оның цифрлық трансформациясының уақыты келгендігін алға тартқан ғалымдар, білім берудің цифрлық трансформациясы теңсіздікті, ең алдымен цифрлық алшақтықты жоюға көмектеседі деп тұжырымдайды [7, 36 б.].

Цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін қарастырған ғалым А.Коновалов педагог-музыканттарды кәсіби даярлауда оң нәтиже беретін қажетті дағдылар тізімін талдай отырып, кешенді құралдар, электронды оқу құралы, мультимедиялық практикум мен нұсқаулықтарды дидактикалық тұрғыда музыкалық білім беру жүйесіне ендіру және қолдану бағытын ұсынған. Ғалымның пайымдауынша, оған біз де қосыламыз, музыкалық компьютерлік қызметті жүзеге асыруда педагог-музыканттың құзыреттіліктерін оқу үдерісінде қалыптастыру қажет. Автор алдыңғы буын зерттеулерге сүйене отырып, сол дағдылар қатарындағы музыкалық шығармалардың ноталық партитураларын жазу және дыбыстау, музыкалық композициялардың ноталық жазылымына өңдеулер жасау және т.б. дағдыларын ерекше атап өтеді [8, 138 б.].

Нәтижелер

ЖОО оқу үдерісінде кеңінен қолданылып жүрген «Finale» бағдарламасы қазіргі таңда цифрлық нота жазу мен цифрлық стандартта, әлемдік музыка индустриясында ерекше орынға ие, ноталық жазбаларды теретін, түрлі ноталық

өңдеулер жасайтын адамдарға кеңінен таныс. Бұл бағдарламаның тиімділігі сонда, кезінде тираждап шыққан әндер жинақтарын қайта қарап, қажет болған жағдайда өңдеулер жасап, электрондық нұсқасын бастыру, композиторлардың жаңа, тың әндерімен бірге жинақтап, цифрлық форматта қолжетімді ету. Сәйкесінше, болашақ құзыретті музыка мұғалімі цифрлық педагогикада қолданатын бағдарламаларының мән-мазмұнын терең меңгеріп, тәжірибесінде қолдана алуы тиіс.

Профессор Р.Салманов «Final» бағдарламасының мүмкіндіктері мен оны меңгерудің тиімділігін былайша қарастырады:

- музыкалық шығарманың партитурасымен тікелей жұмыс жүргізу (талдау, сараптау, теориялық, гармониялық құрылымындарын айқындау, шығарманың жалпы құрылымын анықтау т.б.);

- өз мамандықтарына байланысты музыкалық шығармалармен танысу арқылы жұмыс репертуарын кеңейту (мектеп бағдарламасы, жеке пәндік шығармалар т.б.);

- оркестр түрлерімен танысу, олардың партитураларын қалыптастыру және олардағы жеке аспаптармен жұмыс жүргізу мүмкіндіктерін игеру (халық аспаптары оркестрі, симфониялық, үрмелі аспаптар оркестрлері, эстрадалық оркестрлер камералық аспаптар оркестрлерінің сан-алуан түрлері т.б.);

- хор жанрларымен танысу, әртүрлі хор партитураларын жасау және олармен жұмыс жүргізу арқылы өз репертуарын, білім деңгейін, кәсіби шеберлігін кеңейту (халық хорларының түрлері, академиялық хорлар, кантата, оратория, реквием, месса, мадригал, хорал т.б.);

- халық музыкасы мен жұмыс жүргізу әдістемелерін игеру (ұлттық фольклорлық музыка салалары, өзге халықтар музыкасымен танысу арқылы салыстырма жұмыстарын орындау т.б.);

- осы заманға эстрадалық музыка жанрларымен жұмыс жүргізе білу;

- оқытушы мен студенттің өзіндік жұмыстары кезінде өз репертуарларын кеңейтіп, кәсіптік, іскерлік және білімдік деңгейін кеңейту;

- оқытушылар мен студенттердің тиімді шығармашылық жұмыстарын жүргізу мүмкіндіктерінің (әртүрлі музыка жанрларын гармонизациялау, хор, оркестр партитураларын жасау, жеке әндер мен хор шығармаларын әрлендіру т.б.) молайту;

- бағдарлама арқылы жазылған музыкалық шығарманы кітап басылымы ретінде пайдалану және электронды оқу құралдарын жасау жолдарына машықтану мүмкіндіктерін игеру [9, 3 б.].

Музыкант-концертмейстер қызметінде «Final» бағдарламасымен жұмыс жасау мәселесін қарастырған зерттеуші Е.Мартынова, ХХІ ғасырдың күрделі әрі дамып отыратын технология ретінде бұл бағдарламаның мүмкіндіктерінің білім беру мақсатына сәйкес келетіндігін алға тартады. Оның пікірінше, «Final» бағдарламасы ноталық редактор жасаумен (аккордтық цифрлау, партитура бойында кілттік, альтерациялық белгілерді ауыстыру, транспозициялау, динамикалық белгілерді, штрихтарды ноталықстанда реттеп орналастыру, вокалдық музыкаға мәтінді қою) қатар нота мәтінін тыңдаудағы секвенсорлық

функциясын (яғни барлық мүмкіндіктерді пайдалану арқылы терілген музыкалық туындыны кәсіби деңгейде тыңдау) атқаратындығын көрсетеді [10, 3 б.].

Зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, «цифрлық педагогика» - жеке тұлға қабілетінің ашылуына мүмкіндік беретін өзіндік цифрлық тәрбие механизмдерінің көзін айқындап, онымен жұмыс жасай білу, жүзеге асыру жолын қайта қарау, болмаса білім беру кеңістігін кеңейту мақсатында цифрлық оқыту арқылы білім алушылардың жеке білім траекториясын құрастыру» деген ой-байламдарын жинақтай аламыз.

Жалпы, «Finale» музыкалық редакторын композиторлар мен аранжировщиктер шығармашылық мәселелерді шешу үшін, орындаушылық мамандықтардың музыканттары әр түрлі өзгерістерді жасау үшін, белгілі шығармаларды, түпнұсқа орындаушылық басылымдарды өңдеу үшін пайдаланады, сонымен қатар кәсіби музыканттар бұл бағдарламаларды әдістемелік және ғылыми жұмыстарда нота материалын дайындау үшін пайдаланады.

Талқылау

Зерттеу жұмысымызда ішкі қаржыландыру жобасының бір бағыты ретінде балаларға арналған қазақ тіліндегі әндердің цифрлық педагогикадағы сипаты мен қолжетімділігі талданып қарастырылады. Жоба зерттеушілері білім алушылар мен өнер сүйер қауымға, тұтынушыларға қолжетімді, тиімді, әрі қолдануда қарапайымдылығымен ерекшеленетіндей музыкалық шығармалардың ноталық жазбаларын «Finale» ноталық бағдарламасы негізінде цифрландыру, QR кодпен негіздеу, университеттің электрондық кітапханасына ұсынуды қолға алды. Осы тұста, жоғары оқу орнында болашақ мамандарды «Finale» ноталық бағдарламасымен жұмыс жасауға даярлау мүмкіндіктері де қарастырылды.

Балалар әндерінің қолжетімділігін, сонымен қатар бұл мәселенің балалар тәрбиесіне ықпал етудегі жай-күйін айқындау үшін Алматы, Талдықорған өңірінің жоғары оқу орындарының студенттері мен арнайы өнер мекемелері, жалпы білім беретін мектептің музыка мамандары арасынан (27 респондент) сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесінде мамандардың 39%-ы балалар әндерінің ноталық жазбаларын тапқан жағдайда қателермен, өзгерістермен кездестіргендігін, 44 %-ы – жаңа туындылардың ноталық жазбаларын бірден табу қиындық тудыратынын, сонымен қатар балалар әндерінің ноталарын электрондық нұсқада қолжетімді болғанын қалайтынын алға тартады. 17 %-ы – балаларға арналған өз тараптарынан шыққан әндердің, хорға лайықталынған, арналған өңдеулердің көпшілікке таратуда, баспа бетінен шығаруға мүмкіндігі аздығын атап өтеді (Сурет 1).



Сурет 1 - Балалар әндерінің қолжетімділігі бойынша сауалнама нәтижесі

Қазақ тіліндегі балалар әндерінің ноталық жазбаларының цифрлық платформалардан табу қиындығы интернет жүйесіндегі жазбаларды зерттеуге бағыттады, ноталық жазбаларды цифрландыру болашақ мамандар үшін аса қажет екендігіне көзіміз жете түсті. Мәселен, цифрлық платформаларда орыс тіліндегі балалар әндерінің ноталық жазбаларының электрондық нұсқаларын, мәтіні мен аудио, бейнежазбаларын және әндерді орындаудағы тиімді, әрі мұғалімге көмекші болатын плюс-минус жазбаларын табуға бағытталған сайттарды көптеп кездестіреміз, оларды тіпті тақырыптық топтамалар арқылы да табуға болады. Алайда, болашақ мамандарды даярлау барысындағы студенттердің және республикамыздың музыка мамандарының ой-пікірлеріне сүйенсек, цифрлық ортада қазақ тіліндегі балалар әндерінің ноталық жазбаларының электрондық нұсқаларын кезіктіру қиындық туғызады. Мәселен, «Музыка жетекшісі» сайтында қырық тоғыз ән «Балабақша балаларына арналған әндер» ретінде (https://vk.com/album-89312592_236668582) ұсынылса, «Мақтаным-Қазақстаным (авторлық ән)» ретінде балаларға арналған патриоттық әннің ноталық жазбасын (<https://infolesson.kz/balalara-arnalan-patriotti-nni-notasi-matanimazastanim-avtorli-n-549086.html>) сайтынан таба аламыз.

«Әндер жинағы 1-4 сынып» атауымен (<https://infolesson.kz/%D3%99nder-zhina%D2%93y-1-4-synyp-6073606.html>) сайтында балаларға арналған әндердің мәтіндері ғана берілген, десе де ноталық жазбалары қарастырылмаған. «Қазақ балалар әндері» атауымен тізбектелген әндер https://detkisait.ru/detskie_pesni/inostrannye-pesni/kazahskie-detskie-pesni/page/2/ адресті сайтта көрініс алады, өкінішке орай, ол сайтта орыс тіліндегі әндер қазақ тіліне аударылып берілген. Төрт қана әннің мәтінінен тұратын «Балалар әндер жинағы» атты

https://kopilkaurokov.ru/doshkolnoeObrazovanie/uroki/balalar_nder_zhinagy сайт мазмұны әндердің тек мәтінімен ғана шектелген, ноталық жазбалары берілмеген. А.Ж. Хамзина «Бастауыш сынып оқушыларына арналған әндер топтамасы» (<https://infolesson.kz/bastauish-sinip-oushilarina-arnalan-nder->

toptamasi-742933.html) расында, мәтіндер топтамасы жақсы құрастырылған, дегенмен әндердің авторлары туралы ақпараттар көрсетілмеген, бұл сайттың жұмыс бағыты қайта қарастырылып, толықтыруларды қажет етеді.

Цифрлық ақпараттарға шолу жасау нәтижесінде қазақ тіліндегі көптеген балалар әндерінің аудио-бейне жазбаларымен ғана ұсынылып шектелгенін байқадық, әндердің ноталық жазбаларын кездестіре алмадық.

«Қазақ әндерінің деректер қоры» тақырыбындағы MediaStar.kz сайты (<https://mediastar.kz/index.php?view=authors&authorType=02&page=3>) [11] атап өтуге тұрарлық. Бірнеше блогтардан, атап айтқанда білім беру ресурстары, жаңалық сайттары, әлеуметтік медиа элементтерінен құрылымдалған MediaStar.kz сайты қажырлы еңбектен туындаған, пайдаланушылар, ізденуші-зерттеушілер, орындаушылар, жас мамандарға, жалпы өнер сүйер қауымға ән туралы толық ақпарат алуға мүмкіндігі кең *шағын энциклопедия*, ерекше *цифрлық орталық* деп айта аламыз. Мұнда алғашқы деректер жаңа әндермен, жаңа бейнелермен, жаңа атаулармен толықтырылып отырылады, әндердің авторлары, орындаушылары туралы толық ақпаратпен бірге әннің топтамалық нөмері, деректер қорына тіркелген күні, түрлі тақырыптарға топтастырылған әндердің мәтіні, орындауы, тарихи сипаты ұсынылады. Соның ішінде «ноталары бар әндер» (қазіргі таңда 70 ән) топтамасы да өзіндік ерекшелігі бар бағыт, болашақ музыка мамандарына да қолдануға ыңғайлы. Мұнда ізденуші әнге қатысты ақпаратпен қоса, өте маңызды деп танылатын әннің ноталық жазбаларымен де танысып, белгілі бір орындауда тыңдап, өзі үйрене де, әрі үйрете де алады. Сонымен қатар авторлардың шығармашылық жолының бастаулары, білім алған орталықтары, олардың өмірлік көзқарастары, ұстанымдары және де сайт жетекшілерінің авторлардан алған сұхбаттары т.с.с. барлығы толықтай ұсынылған.

«Бүлдіршіндерге арналған әндер» атты Н.Нүсіпжановтің [12] құрастыруындағы электрондық жинақ балалардың таным-түсінігіне лайықталынған ұлттық тәрбие беруде құнды деп танылатын қазақ халқының салт-дәстүрлер мазмұнын кеңінен қарастырумен қатар композиторларымыз Ә.Бейсеуов, И.Нүсіпбаев, К.Қуатбаев, Ө.Байділдаев, Ә.Еспаев, Б.Ғизатов және т.б. мектептің музыка бағдарламасына енген әндері және тың бірнеше әндері ұсынылған. Бұл жинақты да болашақ музыка маманы үшін қажет цифрлық платформадан алынған құнды еңбек деп санаймыз. Қазіргі таңда балалар сүйіп орындайтын композитор Бота Бейсеноваеың әндері интернет желісінен табуға болады, алайда ноталық жазбаларын іздестіруде қиындықтар туындағанын студенттер мен музыка мұғалімдері тарапынан естиміз. Осы тұста әндердің ноталық жазбаларын студенттердің өздерінің музыкалық есту қабілеттеріне сүйене отырып, «Final» бағдарламасы арқылы нотаға түсіруге мүмкіндік береміз.

Министрліктің баспасөз қызметінің мәліметінше, мектеп оқулықтарын цифрлық форматқа көшіру 100 пайызды құрайды. Олар мемлекеттік сараптамадан өтіп, оқу-әдістемелік кешендер тізіміне енгізілді. Сандық оқулықтар елдің 13 баспасының 11 платформасында әзірленуде [13]. Заман талабына сәйкес Қазақстан электрондық оқу құралдары «Okulyk kz» сайтында

жалпы білім беретін мектепке арналған барлық пәндердің Оқу-әдістемелік кешені PDF форматында қолжетімді. Музыка пәні бойынша да оқу құралдарын таба аламыз. Сол оқу құралдарымен қатар музыка мамандарына өте қажет деп танылатын нота хрестоматиялары да қолжетімді болғаны дұрыс болар еді.

Олай болса, «Final» бағдарламасы ноталық және сөздік мәтіндерді теріп жазуға, оларды емін-еркін өзгертуге, сараптап талдауға, көшіруге, бөлшектеуге, форматтап басып шығаруға мүмкіндік береді. Бұл компьютерлік бағдарламамен жазылған әртүрлі күрделіктегі мейлінше шебер орындаушының мүмкіндігі келмейтін музыкалық шығармаларды толықтай немесе әр бөлшектерін дыбыстауға болады. Электрондық партитурадағы әртүрлі музыкалық аспаптар өз дыбыс бояуларымен кәдімгі аспапша дыбысталады. Шығарманың әсерлік белгілерін (тональдігі, орындау жылдамдығы, дыбыс динамикалары, штрихтар мен мелизмдер) бағдарламамен жұмыс істеуші өз қалауынша қолданып, қажетті тұстарын да өзгерте алады [14]. Мұндай ноталық бағдарлама өз ой парасатын музыкалық әуен арқылы жеткізетін сазгерлерге, хор немесе оркестр ұжымдарының жетекшілеріне, дирижерларына, музыкалық шығармалардың әрлендіруші мамандарға іскерлік орындаушылық шеберліктерін жетілдіруді алдына мақсат қойған музыка мамандарына таптырмас пайдасы мол бағдарлама деп танымыз.

«Final» бағдарламасы арқылы болашақ мамандар ноталықстанның бар бағытын пайдалана отырып, нота енгізудің үлкен мүмкіншіліктеріне ие болады. Бұл бағдарламаның музыка сабағында әнді сүйемелдеу, дауыс жаттығуын жасау, ноталарды енгізу, музыкалық сауаттылықты меңгеру, видео енгізіп көруге, жалпы енгізілген музыканы тыңдауға және т.б. іс-әрекеттердегі қолдану аясы кең. Сонымен қатар, бұл бағдарлама арқылы хор, оркестр, ансамбль партитураларын енгізуге болады (ең бастысы терілген нота жазбалары қандай аспапқа лайықталынып енгізілсе сол аспаптың тембрлік дыбыс бояуы сақталынып естіледі) және оны тыңдауға, енгізілген ноталарды типографиялық негізде баспадан шығаруға да болады.

Музыкалық шығармалардың плюс, минустары ютуб каналдарында табуға болса, сол орындалып тұрған музыкалық шығармалардың нота жазбаларын іздестіруде кедергілер кездеседі. Сол себептен де болашақ маман алдымен нота жазбаларымен танысып, білім алушыларға ұсынуда жақсы дайындықпен барғаны дұрыс. Осы орайда, ЖОО ендірілген жаңа пәндерде студенттер өзбетінше терген нота жазбаларын тыңдауда да зор мүмкіндік алады.

Балалар әндерінің қолжетімділігін айқындау мақсатында студенттер мен музыка мамандарымен сауалнамалар жүргізу негізінде олардың ортақ кәсіби жұмысындағы қажеттілігіне байланысты мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік алдық: музыкалық туындылар авторларының өз жазбаларын баспаға ұсынуда көптеген кедергілер мен кемшіліктер кезігеді. Мәселен, типографиялардың музыкалық бағдарламаларында жазып терудегі мамандардың музыкалық білімдерінің төмендігі, соған сәйкес көбіне ноталық жазбаларды қабылдамауы немесе баспадан шыққан жағдайда жазбалардың ноталық мәтіндерінің өзгеріске ұшырап, гармониялық тұрғыдағы қате

музыкалық туындылардың көпшілікке ұсынылуы сияқты кедергі, кемшіліктерді атап өтуге болады. Олай болса, композиторлардың бұрын жарық көрген әндері мен қазіргі таңдағы жаңа әндерінің ноталық жазбаларының қолға түсірудегі кемшіліктер нәтижесінде «Балаларға арналған әндер» атауымен цифрлық ортада қайта жинақталып, қолжетімді болғаны абзал. Сол себептен де «Final» ноталық редакторы арқылы бұрын жарық көрген музыкалық шығармалар мен тың туындыларды, өңдеулерді жинақ ретінде баспа бетіне даярлау қолға алынды.

Білім беруді цифрландыру білім беру жүйелері мен қатысушылардың алдында білім беру тәжірибесін жақсарту үшін жаңа көкжиектер мен мүмкіндіктер ашады. Кейінгі жылдары түрлі технологиялардың қолданылуына байланысты жоғары оқу орындарында студенттерді даярлау үдерісіне елеулі өзгерістер (жаппай онлайн курстары пайда болуы, біртұтас ақпараттық ортаның қалыптасуы, цифрлық технологияларды меңгерген оқытушылар құрамының артуы) енгізіліп жатыр. Ендігі жерде осы және өзге де факторлар студенттерді оқытудың жаңа әдістері мен цифрлық білім ресурстарын жасау саласындағы зерттеушілердің кәсіби әзірлемелерімен толығыуы қажет [15].

Білім беру бағдарламасындағы «Музыкалық білім берудегі сандық технологиялар» (3 курс, V семестр) курсына білім алушылар «Finale» бағдарламасымен жұмыс жасайды, онда меңгеруге маңызды деп танылатын тақырыптар белгіленді.

- оқу үдерісіндегі цифрлық технологиялар - әлемдік дамудың айнасы;
- музыкалық компьютерлік бағдарламалар және олармен жұмыс жасау мүмкіндіктері.
- «Finale» бағдарламасы негізінде «қарапайым ендіру», «жедел ендіру» функцияларымен танысу, нота мәтіндерін теру әдістемесі;
- музыкалық шығарманың альтерациялық белгілерімен, әсерлік белгілерімен жұмыс жасап үйрену;
- музыкалық шығарма партитурасындағы орындаушылық белгілерімен (легато, трель, глиссандо, бір октава жоғары-төмен, крещендо, диминуэндо т.б.) жұмыс машықтары;
- меңгерген дағдылары негізінде хорға арналған, музыкалық аспаптарға арналған, ұрмалы аспаптарға арналған нота мәтіндерін теріп, ноталық жазбаны тыңдау арқылы қате кемшіліктерімен жұмыс жасау;
- әннің вокалдық мәтінін теріп үйрену;
- мектеп әндеріне транспозиция жасау және т.б.

Пәнді меңгеру нәтижесінде бірнеше әндердің ноталық жазбалары дайындалынды.

Әрине, нота жазбаларын дайындау қажетті жұмыс құралдарымен жұмыс жасау тәртібін, реттілігін меңгеруді, уақыт пен күш жұмсауды қажет етеді. Сондықтан да нәтижеге жету үшін, оның тиімділігін арттыру үшін бағдарлама функцияларын терең түсініп, меңгеруге ұмтылу қажеттілігін түсіне алды.

Қазіргі таңда балаларға арналған бірнеше әндердің ноталық мәтіндері жинақталды, сонымен қатар «Музыка» кафедрасының профессор-оқытушылар құрамының хорға өндеген, лайықтаған әндері де дайын. Мәселен,

кафедрамыздың профессоры М.Бурунчиннің өндеген бірнеше әндері «Музыкалық білім» мамандығының қыздар хорының репертуарына енген: халық әні «Сұрша қыз» - өндеген Б.Ерзакович, «Отан Ана» Қ.Шілдебаев және т.б.

«Final» бағдарламасындағы ноталар жиынтығы – бұл дәлдікті, егжей-тегжейлі назар аударуды және музыкалық нотацияның негізгі принциптерін түсінуді қажет ететін үдеріс.

Білім алушылар мен зерттеушілердің сұқбаттасу нәтижесінде хорға арналған ноталарды теру барысында негізгі қиындықтар да кездескендігі, сәйкесінше, ол музыкалық нотацияны редакциялау үдерісін біршама тежегені айқындалды. Десе де, қиындықтарды жеңу нәтижесінде бірнеше әндер жинақталынып, баспа бетінен шығаруға дайын «өнімді» ала алдық.

- Шығарманың сөздерін жазу кезінде қазақ әліпбиінің болмауы ноталарды теруді баяулатты. Осыған байланысты біз қазақ тіліндегі сөздерді шығармаларға енгізу жолдарын іздеуді жөн көрдік. Алғашқыда, мәтінді латын тілінде жазуға тырыстық. Бұл эстетикалық жағымды көрінгенімен, шығарманы орындау кезінде сөздердің нақты артикуляциясы қажет болғандықтан, латын тілінде оқу қиындық тудыратындықтан қазақ тілінде мәтін жазудың жолын іздестіру нәтижесінде «Т» белгісін қолдану арқылы мәтіндерді енгізуге болатыны айқындалды.

- Хор партиясындағы штильдерді бөлумен де жұмыс жасау аса қажет болды. Жоғарыда айтылғандай, партияда әр буын нотаға сәйкестендірілген, сондықтан хор партиясындағы ноталардың штильдері келесі нотаға қосылмауы керек. Осыған байланысты әр нотаны тергеннен кейін «/» белгісін басу арқылы бір жиектің астындағы екі нотаны бөле аламыз. Үдеріс ұзақ болып көрінуі мүмкін, алайда егер жұмысқа қабылдау дағдыларын дамыта түссек, үдеріс жылдамдай түседі.

Профессор-оқытушылардың хорға арналған өңдеулердің ноталық жазбалары дайын болысымен оны баспа бетіне ұсыну, цифрландыру деңгейімен жұмыс жүргізіледі.

Олай болса, білім беруді цифрландыру білім алушыларға оқу материалдарының кең таңдауына қолайлы мүмкіндік береді, жоғары оқу орындарының кітапхана қорларын электронды кітаптармен толықтыра түседі, білімалушыларға оны еркін қолдануының алғышарты деп тануға мүмкіндік береді. Білім беру жүйесіндегі өзгерістер цифрлық қоғамда өзбетінше білімін толықтыруға, қажетті ақпараттар мен материалдарды еркін таба отырып, кәсіби деңгейін жетілдіруге, кәсіби қызметте тиімді қолдануына бағытталады. Цифрлық ортаға бейімделу білімді тиімді игеруге, тез өзгертін әлемге дайын тұруға, заманауи құралдарды қолдану арқылы күрделі мәселелерді шешуге көмектеседі.

Қорытынды

Балаларға арналған қазақ тіліндегі әндердің цифрлық педагогикадағы сипаты мен қолжетімділігін қарастыра отырып, жоба зерттеушілері білім алушылар мен өнер сүйер қауымға, тұтынушыларға қолжетімді, тиімді, әрі қолдануда қарапайымдылығымен ерекшеленетіндей цифрландырылған өнімнің

нәтижелерін ұсынуды басты назарда ұстауда. ЖОО білім алушыларына арналған нота теру әдістемесі білім беру бағдарламасының мазмұнына алғашқыда «Музыкалық білім берудегі сандық технологиялар», қазіргі білім беру бағдарламасына сәйкес «Электрондық музыкалық оқыту бағдарламалары» курс атауларымен ендірілген. Сәйкесінше, алдағы уақытта «Final» музыкалық бағдарламасы негізінде аспаптық шығармалар, мектеп оқушыларына арналған балалар әндерінің ноталық жазбалары қайта теріліп, ноталықстанда редакторланып, университетіміздің электрондық кітапхана қорын толықтыруды, теріліп жинақталған туындыларды QR код арқылы құжаттандыруды басты мәселе ретінде қарастыруды жөн санаймыз.

Сонымен, Қазақстан композиторларының балаларға арналған әндерінің ноталық жазбалары әлі де кеңінен іздестіруді, музыкалық туындылардың ноталық жазбалары өнер сүйер көпшілікке еш өзгеріссіз, қате-кемшіліксіз баспа бетінен ғылыми еңбектер ретінде жеткізілуі қажет. Ол – алдымен, ұлттық құндылық ретінде балалар әндерін сақталып, дамуына, жеке орындаушылар мен хор ұжымдарының әндік репертуарын байытуға, сонымен қатар көркем музыканы насихаттайтын музыка мамандарының әдістемелік жұмысына өте қажет.

ӘДЕБИЕТ

[1] Мулдахметов З.М., Газалиев А.М. О цифровизации образования в Казахстане //Человеческий капитал. – 2022, 12 (168). – Т 2. – С. 9-12.

[2] Все школьные учебники перевели в цифровой формат в Казахстане. 12 апреля 2024. <https://tengrinews.kz/newseducation/shkolnyie-uchebniki-pereveli-tsifrovoy-format-kazahstane-532089/> (Дата обращения: 21.07.2024).

[3] Сағалиева Ж.К. және т.б. Білім беру кеңістігіндегі цифрлық педагогика: Оқу құралы. – Алматы: «Бастау», 2020. – 388 б.

[4] Неволіна В.В. Гараева Е.А. Анализ возможностей и ресурсов цифровой образовательной среды в совершенствовании информационно-коммуникационных умений преподавателя университета. [Электронный ресурс]: [s.science-education.ru>pdf/2023/2/32587.pdf](https://s.science-education.ru/pdf/2023/2/32587.pdf) (Дата обращения: 21.07.2024).

[5] Кондратьева С. Современное цифровое образование: тенденции развития. Развитие образования. Чувашский республиканский институт образования, «Издательский дом «Среда». №1 (1). – 2018. – С.41-43 <https://elibrary.ru/item.asp?edn=ypervb> (Дата обращения: 11.08.2024).

[6] Никулина Е.В. Использование нотного редактора «MuseScore» на занятиях по дисциплине «Музыкальная информатика» //Наукофера. Педагогические науки. - №4 (2), 2023. – С. 114-119. nauko-sfera.ru (Дата обращения: 19.08.2024).

[7] Уварова А.Ю., Фрумина И.Д. Трудности и перспективы цифровой трансформации образования. - Издательский дом Высшей школы экономики. – М., 2019. – 343 б.

[8] Коновалов А. А. Проблема формирования умений и навыков музыкально-компьютерной деятельности педагогов-музыкантов: дидактический аспект. //Музыкальное искусство и образование. - 2023. - Т. 11. - № 4. – С. 134-149

[9] Салманов Р.С. Музыкалық компьютерлік технология. «Finale» ноталық редакторымен жұмыс. Оқу-әдістемелік құрал. – Қызылорда, 2011. – 242 б.

[10] Мартынова Е. Использование программы Финал в работе музыканта-концертмейстера. – 15.03.2019. [Электронный ресурс]: URL:

<https://nsportal.ru/kultura/muzykalnoe-iskusstvo/library/2019/03/15/ispolzovanie-programmy-finale-v-rabote-muzykanta> (Дата обращения: 11.08.2024).

[11] Қазақ әндерінің деректер қоры [Электронный ресурс]: URL: <https://mediastar.kz/index.php?view=authors&authorType=02&page=3> (Дата обращения: 19.08.2024).

[12] Бүлдіршіндерге арналған әндер /Құраст. Н.Нүсіпжанов. – Алматы: Мерекенің баспалар үйі. I-кітап. – 2012. – 224б.

[13] Бидайбеков Е. Білімді цифрландыру – уақыт талабы //Білім. 04 мамыр, 2023. [Электронный ресурс]: URL: <https://egemen.kz/article/341502-bilimdi-tsifrandyru-%E2%80%93-uaqyt-talaby> (Дата обращения: 19.08.2024).

[14] Шапилов В.А. Основы работы в нотном редакторе Finale. – Алматы, 2014. – 180.

[15] Бейсембаева А.А., Султанова М.С. Музыкалық білім берудегі цифрлық технологиялардың маңыздылығы. X Халықаралық Түркі әлемі зерттеулері симпозиумы. II Том. 14-16 Маусым, 2023. – 567-576 бб.

REFERENCES

[1] Muldahmetov Z.M., Gazaliev A.M. O sifrovizatsii obrazovaniya v Kazahstane (On digitalization of education in Kazakhstan) //Chelovecheski kapital. – 2022, 12 (168). – Т 2. – S. 9-12. [in Rus.]

[2] Vse škölnye uchebniki pereveli v sifrovoy format v Kazahstane (All school textbooks have been digitized in Kazakhstan). 12 aprelä 2024. <https://tengrinews.kz/newseducation/shkolnyie-uchebniiki-pereveli-tsifrovoy-format-kazahstane-532089/> (Data obrashcheniya: 21.07.2024) [in Rus.]

[3] Sagalieva J.K. және t.b. Білім беру кеңістігіндегі сифрлық педагогика (Digital Pedagogy in the educational space): Oqu qūraly. – Almaty: «Bastau», 2020. – 388 b. [in Kaz.]

[4] Nevolina V.V. Garaeva E.A. Analiz vozmojnosti i resursov sifrovoy obrazovatelnoi sredy v sovershenstvovanii informasionno-komunikatsionnyh umeni prepodavatelä universiteta (Analysis of the possibilities and resources of the digital educational environment in improving the information and communication skills of a university teacher). [Elektronnyi resurs]: [s.science-education.ru>pdf/2023/2/32587.pdf](https://science-education.ru/pdf/2023/2/32587.pdf) (Data obrashcheniya: 21.07.2024) [in Rus.]

[5] Kondrateva S. Sovremennoe sifrovoye obrazovanie: tendentsii razvitiya. Razvitiye obrazovaniya (Modern digital education: development trends. Development of education). Chuvaşski respublikanski institut obrazovaniya, «İzdatelski dom «Sreda». №1 (1). – 2018. – S.41-43 <https://elibrary.ru/item.asp?edn=ypervb> (Data obrashcheniya: 11.08.2024) [in Rus.]

[6] Nikulina E.V. İspölzovanie notnogo redaktora «MuseScore» na zanätiah po disipline «Muzykalnaia informatika» (Using the music editor "MuseScore" in the classroom in the discipline "Music Informatics") //Naukosfera. Pedagogicheskie nauki. - №4 (2), 2023. – S. 114-119. naukosfera.ru (Data obrashcheniya: 19.08.2024) [in Rus.]

[7] Uvarova A.İ., Frumina İ.D. Trudnosti i perspektivy sifrovoy transformatsii obrazovaniya (Difficulties and prospects of digital transformation of education). - İzdatelski dom Vysşei şkoly ekonomiki. – M., 2019. – 343 b. [in Rus.]

[8] Kononov A. A. Problema formirovaniya umeni i navykov muzykalno-kömpüternoi deiatelnosti pedagogov-muzykantov: didakticheski aspekt (The problem of forming the skills and abilities of musical and computer activity of musical teachers: a didactic aspect) //Muzykalnoe iskustvo i obrazovanie. - 2023. - T. 11. - № 4. – S. 134-149. [in Rus.]

[9] Salmanov R.S. Muzykalyq kömpüterlik tehnologia («Finale» notalyq redaktorymen jūmys (Music computer technology. Work with the Note Editor" Finale)). Oqu-ädistemelik qūral. – Qyzylorda, 2011. – 242 b. [in Kaz.]

[10] Martynova E. İspölzovanie programy Final v rabote muzykanta-konsertmeistera (The use of the Finale program in the work of a concert musician). – 15.03.2019. [Elektronnyi resurs]: URL: <https://nsportal.ru/kultura/muzykalnoe-iskusstvo/library/2019/03/15/ispolzovanie-programmy-finale-v-rabote-muzykanta> (Data obrashcheniya: 11.08.2024) [in Rus.]

[11] Qazaq änderiniñ derekter qory (Database of Kazakh songs) [Elektronnyi resurs]: URL: <https://mediastar.kz/index.php?view=authors&authorType=02&page=3> (Data obrashcheniya: 19.08.2024) [in Kaz.]

[12] Büldırşinderge arnalğan änder (Songs for toddlers) /Qūrast. N.Nūsıpjanov. – Almaty: Merekeniñ baspalar üii. I-kıtap. – 2012. – 224 b. [in Kaz.]

[13] Bidaibekov E. Bilimdi sıfrlandyru – uaqyt talaby (Digitalization of knowledge is a requirement of the time) //Bılım. 04 мамыр, 2023. [Elektronnyi resurs]: URL: <https://egemen.kz/article/341502-bilimdi-tsifrlandyru-%E2%80%93-uaqyt-talaby> (Data obrashcheniya: 19.08.2024) [in Kaz.]

[14] Şapilov V.A. Osnovy raboty v notnom redaktore Finale (The basics of working in the Finale music editor). – Almaty, 2014. – 180. [in Rus.]

[15] Beisembaeva A.A., Sultanova M.S. Muzykalyq bilim berudegi sıfrlyq tehnologialardyñ mañyzdylyǵy (The importance of digital technologies in music education). H Halyqaralyq Türkı älemi zertteulerı simpoziumy. II Tom. 14-16 Mausym, 2023. – 567-576 bb. [in Kaz.]

ДОСТУПНОСТЬ ДЕТСКИХ ПЕСЕН НА КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ В ЦИФРОВОЙ СРЕДЕ

Султанова М.С.¹, *Бейсембаева А.А.², Балажанова К.М.³, Даркембаева А.Б.⁴

^{*1,2,3,4}КазНацЖенПУ, Алматы, Казахстан

Аннотация: Статья посвящена проблеме цифровизации, одной из актуальных тем в век глобализации. Анализируя труды ученых-исследователей авторы рассматривают сущностно-содержательную характеристику цифровых программ, возможности и эффективность внедрения в систему образования и методического их применения. Подтверждается низкий уровень доступности на цифровой платформе нотных записей детских песен на казахском языке, признанных необходимыми для опытно-методической работы в профессиональной подготовке будущих учителей музыки. Главной целью проекта внутреннего финансирования по теме «Оцифровка нотных записей композиторов Казахстана на основе музыкальной программы «Finale» является перепечатка нотных записей детских песен на казахском языке, их издание в виде сборников и доступность их в цифровой среде. Авторы определяют музыкально-нотную программу «Finale» как программу, которая приносит огромную пользу композиторам, руководителям хоровых или оркестровых коллективов, дирижерам, специалистам по оформлению музыкальных произведений, музыкальным специалистам, поставившим перед собой цель совершенствовать свое деловое исполнительское мастерство. Рассматривая значимость и доступность детских песен на казахском языке в цифровой педагогике, исследователи проекта акцентируют свое внимание на предоставлении результатов оцифрованной продукции, доступной, эффективной и отличающейся простотой в использовании для обучающихся и любителей искусства, а также потребителей. На основе музыкальной программы «Finale» перепечатываются инструментальные произведения, нотные записи детских песен для школьников, редактируются в нотной записи, рассматривается пополнение фонда электронной библиотеки, документирование набранных произведений с помощью QR-кода, как главная проблема, демонстрирующая их вклад в сохранение и развитие детских песен как одной из национальных ценностей.

Ключевые слова: цифровизация, цифровое общество, музыкальная нотная программа "Finale", детские песни, доступность песен, музыкальное образование, цифровые технологии, репертуар

ACCESSIBILITY OF CHILDREN'S SONGS IN THE KAZAKH LANGUAGE IN THE DIGITAL ENVIRONMENT

Sultanova M.S.¹, *Beisembayeva A.A.², Balazhanova K.M.³, Darkembayeva A.B.⁴

*1,2,3,4 Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty,
Kazakhstan

Abstract. The article is dedicated to the problem of digitalization, one of the current topics in the age of globalization. Analyzing the works of scientists-researchers, authors consider the essential and meaningful characteristics of digital programs, possibilities and effectiveness of their introduction into the educational system and methodological application. The low level of availability on digital platform of sheet music recordings of children's songs in Kazakh language, recognized as necessary for the experimental-methodical work in the professional training of future music teachers, is confirmed. The main goal of the project of internal financing on the topic «Digitization of musical recordings of composers of Kazakhstan based on the music program «Finalé» is to reprint the musical recordings of children's songs in Kazakh language, their publication as collections and availability in digital environment. The authors define musical program «Finalé» as a program that brings great benefit to composers, leaders of choral or orchestral groups, conductors, specialists in the design of musical works, music specialists, who has set himself the goal of improving his business executive skills. Considering the importance and accessibility of children's songs in Kazakh language in digital pedagogy, researchers focus on providing results of digitized products, accessible, effective and easy to use for students and art lovers as well as consumers. Based on the music program «Finalé» reprinted instrumental works, musical recordings of children's songs for schoolchildren, edited in a musical recording, considered the replenishment of the fund of electronic library, documentation of the typed works by QR-code as the main problem, demonstrating their contribution to the preservation and development of children's songs as one of the national values.

Key words: digitalization, Digital Society, musical notation Program "final", children's songs, availability of songs, musical education, digital technologies, repertoire

Мақала қабылданды: 10 қазан 2024